

Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 55-ө өкімі.

Халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ететін әлеуметтік, инженерлік-көлік инфрақұрылымын және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту, елді мекендерді абаттандыру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Жұмыспен қамтудың 2020 - 2021 жылдарға арналған жол картасы (бұдан әрі - Жол картасы) бекітілсін.

2. Жол картасының орындалуына жауапты орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері мен өзге де ұйымдар (келісу бойынша):

1) Жол картасын іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2) ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне дейін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне Жол картасының іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 25-күніне дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жол картасының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы өкімнің орындалуына бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2020 жылғы 27 наурыздағы
№ 55-ө өкімімен
бекітілген

Жұмыспен қамтудың 2020 – 2021 жылдарға арналған жол картасы

Ескерту. Жол картасы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің 09.02.2021 № 24 -ө өкімімен.

1-тарау. Жұмыспен қамтудың 2021 жылға арналған жол картасының мақсаттары мен іске асыру бағыттары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің 15.09.2021 № 154-ө өкімімен.

Ескерту. 1-тарауға өзгерістер енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 25.02.2021 № 40-ө; 15.09.2021 № 154-ө өкімдерімен.

Жұмыспен қамтудың 2020 – 2021 жылдарға арналған жол картасының (бұдан әрі – Жол картасы) негізгі мақсаттары:

1) жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және жұмыссыздық деңгейінің өсуіне жол бермеу;

2) елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту есебінен жұмыс орындарын құру және халықтың табысын қамтамасыз ету;

3) жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру үшін азаматтардың кәсіпкерлік бастамаларын дамыту және кеңейту.

Көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін Жол картасында мынадай бағыттар көзделеді:

1) әлеуметтік-мәдени саланың, инженерлік-көліктік, өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымның инфрақұрылымдық жобаларын және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін іске асыру есебінен халықтың тұрмыс сапасын жақсарту;

2) шағын, орта бизнесті, оның ішінде отандық тауарлар, көрсетілетін қызметтер өндірісін дамыту және жұмыс орындарын құру үшін "Бастау Бизнес" жобасы түлектерінің бизнес-жоспарларын қаржыландырудың (микрокредиттеудің) қолжетімділігін арттыру;

3) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту;

4) өңірлерде бизнесті дамыту.

2-тарау. Бірінші бағыт: әлеуметтік-мәдени саланың, инженерлік-көліктік, өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымның инфрақұрылымдық жобаларын және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін іске асыру есебінен халықтың тұрмыс сапасын жақсарту

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің 15.09.2021 № 154-ө өкімімен.

Ескерту. 2-тарауға өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 25.02.2021 № 40-ө өкімімен.

Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру мынадай объектілер бойынша жүзеге асырылады:

1) білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, бос уақыт және демалыс, халыққа қызмет көрсету объектілері;

2) алып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің 25.02.2021 № 40-ө өкімімен;

3) суару жүйесінің объектілері, бөгеттер, дамбылар мен көпірлер, арналар, су шаруашылығының объектілері мен құрылыстары, өзге де су жобалары;

4) тұрғын үй кешендерінің, жеке үйлердің, жатақханалардың, кеңсе ғимараттарының және өзге де қоғамдық және коммуналдық құрылыстардың объектілері.

Жұмыс түрлеріне жаңа құрылыс, түзету жұмыстары, жұмыс орнында құрастырмалы құрылымдардан (тез салынатын модульді) ғимараттар салу, сондай-ақ уақытша құрылыстар салу жатады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның шешімі негізінде өзге де жұмыс түрлері мен объектілерді іске асыруға жол беріледі.

Жол картасы шеңберінде 2020 жылы басталған өтпелі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға жол беріледі.

Жол картасы шеңберінде 2021 жылы басталған, салудың нормативтік мерзімі келесі қаржы жылына өтетін инфрақұрылымдық жобаларды аяқтау жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

3-тарау. Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру тәртібі мен шарттары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің 15.09.2021 № 154-ө өкімімен.

Ескерту. 3-тарауға өзгерістер енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 25.02.2021 № 40-ө; 15.09.2021 № 154-ө өкімдерімен.

Жол картасын үйлестіруді және оның іске асырылуын мониторингілеуді Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі – ВАК) жүзеге асырады, оның құрамы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 25 наурыздағы 54-ө өкімімен бекітілген.

ВАК шешімінің негізінде жұмыстар мен объектілердің өзге де түрлерін іске асыруға жол беріледі.

Инфрақұрылымдық жобаларды іріктеу мемлекеттік органдардың қорытындылары негізінде жүзеге асырылады.

Өңірлерде Жол картасын іске асырудың жедел мониторингін мәслихаттың депутаттарын және қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін тарта отырып, облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) әкімдерінің төрағалығымен жергілікті деңгейде Жол картасын іске асыруды үйлестіру және мониторингілеу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) жүзеге асырады.

Комиссияның функцияларына мыналар кіреді:

- 1) өңірде Жол картасының іске асырылуын жедел мониторингтеу;
- 2) Жол картасының іске асырылу барысы туралы есептерді қарау;
- 3) жұмыс тобының қарауына енгізу үшін өңірлік деңгейде инфрақұрылымдық жобаларды бекіту;
- 4) әрбір инфрақұрылымдық жоба бойынша Халықты жұмыспен қамту орталығының (бұдан әрі – ХЖҚО) жолдамасы бойынша адамдарды жұмысқа орналастыру квотасын бекіту;

5) Жол картасының екінші бағытын қаржыландыру лимитін бекіту;

6) бекітілген жалпы лимиттер шеңберінде Жол картасының бағыттары бойынша қаражатты түзету және қайта бөлу жөнінде ұсыныстар тұжырымдау.

Комиссияға басшылық жасауды өңір әкімінің орынбасарынан төмен емес лауазымды тұлға жүзеге асырады.

ЖАО инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жөніндегі операторлар ретінде нақты объектілерді, қаржыландырудың қажетті көлемін, мамандықтар бөлінісінде еңбек ресурстарына қажеттілікті және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру мерзімдерін айқындайды.

ЖАО инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру шеңберінде:

1) жаңа жұмыс орындарын құруды;

2) құрылатын жұмыс орындарының бір бөлігін ХЖҚО жолдамасы бойынша жұмыссыздарға, жұмыс іздеп жүрген адамдарға, босатылатын адамдарға, жалақысы сақталмайтын демалыста жүрген адамдарға, студенттерге, оның ішінде инфрақұрылымдық жоба іске асырылатын ауданда (қалада) уақытша тіркеумен тұратындарға ұсынуды;

3) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің

2018 жылғы 20 сәуірдегі № 260 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16942 болып тіркелген) Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесіне сәйкес инфрақұрылымдық жобаны іске асыруға көзделген қаражаттың жалпы көлемінің кемінде 90 %-ы көлемінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді, олар болған кезде отандық өндірушілерден сатып алуды;

4) ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу, медициналық қарап-тексеру, жұмыскерлерді жинау және жұмыс орнына дейін тасымалдау үшін мобильді рекруттік пункттерді ұйымдастыруды;

5) басқа елді мекендерден келген адамдарды, оның ішінде алынатын жалақыға қосымша тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда айқындалған екі ең төменгі жалақы мөлшерінде біржолғы материалдық көмек ("көтермеақы") төлеу арқылы жұмысқа орналастыру бойынша жұмыс беруші мердігерлерге қойылатын конкурстық талаптарды айқындауды;

6) жұмыс беруші мердігерлермен бірлесіп, тұратын, тамақ дайындайтын және ішетін орындарды, санитариялық тораптарды санитариялық-эпидемиологиялық нормаларға сәйкес келтіре отырып, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға тартылатын қызметкерлердің қауіпсіздігін және тұрақты санитариялық өңдеуді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылыс жұмыстары аяқталғаннан және объектіні пайдалануға бергеннен кейін тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналастыруды;

8) ВАК шешімімен бекітілген Жол картасы шеңберінде өзге де іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз етеді.

Объектілерді пайдалануға берген кезде ХЖҚО жұмыс іздеген адамдар мен жұмыссыздарды жаңадан құрылатын тұрақты жұмыс орындарының кемінде 15 %-ына, ал штат саны 6 адамнан аз болған кезде кемінде 1 адамды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді.

ЖАО:

1) елді мекеннің бас жоспары негізінде орындалған және сараптамадан өткен белгіленген тәртіппен бекітілген, қала құрылысы (егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары және құрылыс жобалары) жобаларына сәйкес әзірленген жобалау-сметалық құжаттамасының, сметалық құжаттардың, шығыстар сметаларының (техникалық құжаттамалардың) болуына;

2) мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімдерін және отандық өндірушілерден тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу мүмкіндіктеріне;

3) елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық жағдайын дамыту және жақсарту қажеттілігіне;

4) инфрақұрылымдық жобаларды іске асырудың бірінші кезектілігі мен өзектілігіне ;

5) инфрақұрылымдық жобаларды іске асырудың басталу және аяқталу мерзімдеріне ;

6) құрылатын жұмыс орындарының саны мен ұсынылған жобалар бойынша есептелген орташа айлық жалақының мөлшеріне;

7) елді мекендердің, сондай-ақ даму әлеуеті бар ауылдардың (тірек және спутниктік) өңірлік стандарттарының жүйелеріне дейін жеткізуге әсер ететін жобалардың болуына қарай өздігінен инфрақұрылымдық жобаларды іріктейді және іске асырады.

Іріктеу кезінде ең көп еңбекті қажет ететін технологияларды талап ететін, ең көп жұмыс орындарын, оның ішінде құрылыс аяқталғаннан кейін тұрақты жұмыс орындарын құратын және жұмыс ұзақтығы мен ХЖҚО жолдамасы бойынша жұмысқа орналасқан адамдардың саны бойынша, сондай-ақ олардың жобаны іске асырудан күтілетін мультипликативтік әсерін негізге ала отырып, барынша жұмыспен қамтуды қамтамасыз ететін инфрақұрылымдық жобаларға басымдық беріледі.

Іске асыру кезінде құрылатын жұмыс орындары санының және құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін жаңа жұмыс орындарының көрсеткіштері жоқ инфрақұрылымдық жобалар қарауға жатпайды.

ЖАО Жол картасын іске асыру жөніндегі өңірлік үйлестірушіні (бұдан әрі – үйлестіруші) айқындайды, ол Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

Үйлестірушінің функцияларына мыналар жатады:

1) өңірге жеткізілген қаржыландыру лимиті шегінде инфрақұрылымдық жобалар тізбесіне енгізу үшін қызмет салалары бойынша жергілікті уәкілетті органдардан ұсыныстар жинау және жинақтау;

2) Комиссияның қарауына инфрақұрылымдық жобалардың тізбесін енгізу;

3) Комиссия жұмысы үшін материалдар дайындау;

4) Комиссия отырыстарының хаттамаларын жүргізу және шешімдерін ресімдеу;

5) Комиссия бекіткен инфрақұрылымдық жобалардың тізбесін уәкілетті органға жіберу;

6) Комиссияға мемлекеттік органдардың қорытындылары негізінде инфрақұрылымдық жобаларды алмастыру бойынша ұсыныстар енгізу;

7) жұмыстар мен объектілердің түрлері, жобаларды іске асырудың құны мен ұзақтығы, жоба аяқталғаннан кейін құрылатын, оның ішінде тұрақты жаңа жұмыс орындарының жалпы саны және орташа жалақы бойынша аудандар/қалалар (қаладағы аудандар) бөлінісінде жобалардың тізбесін қалыптастыру.

Үйлестіруші "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жобалау-сметалық құжаттаманың, сметалық құжаттаманың, шығыстар сметасының (техникалық құжаттаманың) болуын және сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Бюджеттік бағдарлама әкімшілері жобалау-сметалық құжаттаманың, сметалық құжаттаманың, шығыстар сметасының (техникалық құжаттаманың) дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Уәкілетті орган жұмыс түрлері мен объектілер, жобалардың іске асырылу құны мен ұзақтығы, құрылатын жаңа жұмыс орындарының, оның ішінде жоба аяқталғаннан кейін тұрақты жұмыс орындарының жалпы саны және орташа жалақы бойынша облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бөлінісінде республика бойынша инфрақұрылымдық жобалардың жиынтық тізбесін қалыптастырады.

Уәкілетті орган инфрақұрылымдық жобалардың жиынтық тізбесін мемлекеттік органдардың қарауына жібереді.

Мемлекеттік орган жиынтық тізбені түскен күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарайды және инфрақұрылымдық жобалар бойынша қорытындыны уәкілетті органға жібереді.

Мемлекеттік органдардың қорытындысы оң болған кезде уәкілетті орган жобалар тізбесін қалыптастырады және ВАК отырысында бекітуге жібереді.

ВАК Жол картасы шеңберінде іске асыру үшін инфрақұрылымдық жобалардың жиынтық тізбесін қарайды және оны бекітеді.

ВАК қажет болған жағдайда бөлінген қаражат шегінде жиынтық тізбеге түзетулер енгізуге, инфрақұрылымдық жобалардың тізбесін алып тастауға не толықтыруға құқылы.

Уәкілетті орган ВАК бекіткен инфрақұрылымдық жобалардың тізбесін ЖАО-ға жеткізеді. ЖАО жобалар тізімін жұмыстар жүргізілетін жер бойынша ХЖҚО-ға жіберуді қамтамасыз етеді.

ЖАО және ХЖҚО инфрақұрылымдық жобаларды (объектілер мен жұмыс түрлері бойынша инфрақұрылымдық жобалар, іске асырудың сметалық құны, құрылатын жұмыс орындарының жоспарланған саны, құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталғаннан кейін құрылатын тұрақты жұмыс орындарының жоспарланған саны, орташа айлық жалақы және басқа да ақпарат) іске асыру мониторингін жүзеге асыру үшін "Жұмыс орындарын құру мониторингі" интеграцияланған картасы" ақпараттық жүйесіне мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

4-тарау. Инфрақұрылымдық жобаларға жұмысқа орналастырудың тәртібі мен шарттары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің 15.09.2021 № 154-ө өкімімен.

Ескерту. 4-тарауға өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 25.02.2021 № 40-ө; 15.09.2021 № 154-ө өкімдерімен.

Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін іріктелген мердігер жұмыс беруші жұмыс жүргізілетін жер бойынша ХЖҚО-ға объектілер мен жұмыс түрлері бойынша жобаның атауы, еңбек ресурстарына қажеттілік туралы, мамандықтар мен кәсіптер бөлінісінде мәліметтерді ұсынады.

ХЖҚО еңбек нарығындағы жағдайға, жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздар ретінде тіркелгендердің, жұмыс іздеп жүрген адамдардың, сондай-ақ жұмыстан босатылатын адамдардың, жалақысы сақталмайтын демалыстағы адамдардың, студенттердің санына байланысты әрбір инфрақұрылымдық жоба бойынша жұмысқа орналастыру квотасының мөлшері бойынша ұсыныс қалыптастырады.

ХЖҚО жолдамасы бойынша жұмысқа орналастыру квотасы жобалау-сметалық құжаттамаға, сметалық құжаттамаға, шығыстар сметасына (техникалық құжаттамаға) сәйкес құрылатын жұмыс орындарының кемінде 20 %-ы мөлшерінде белгіленеді.

ХЖҚО жолдамасы бойынша жұмысқа орналастыру квотасы Комиссия отырысында бекітіледі және жобаны іске асыруға қатысатын жұмыс беруші мердігер үшін, оның ішінде қосалқы мердігерлік жұмыстарға тартылған өзге де жұмыс беруші мердігерлер үшін міндетті шарт болып табылады.

Жұмыс беруші мердігер/қосалқы мердігер жобалау-сметалық құжаттамаға, сметалық құжаттамаға, шығыстар сметасына (техникалық құжаттамаға) сәйкес жұмыс орындарын құруды және белгіленген квотаға сәйкес ХЖҚО жолдайтын адамдарды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді.

Жұмыс беруші мердігер/қосалқы мердігер инфрақұрылымдық жобаларды іске асырудың бүкіл мерзіміне немесе құжаттамаға сәйкес жұмыстардың белгілі бір көлемін

орындау кезеңіне ХЖҚО жолдамасы бойынша адамдарды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді.

ХЖҚО жұмыс беруші мердігерлермен/қосалқы мердігерлермен бірлесіп, "Жұмыс орындарын құру мониторингі" интеграцияланған картасы" ақпараттық жүйесі арқылы ХЖҚО жолдамасы бойынша жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары бойынша мәліметтерді толтыруды қамтамасыз етеді.

Жұмыс беруші мердігерлер/қосалқы мердігерлер "Электрондық еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға тартылған жұмыс істеп жүрген жұмыскерлердің еңбек шарттары бойынша мәліметтерді орналастырады.

ХЖҚО "Еңбек нарығы" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы жұмыспен қамту органдарында жұмыс іздеп жүрген адамдар, жұмыссыздар, сондай-ақ жұмыстан босатылған адамдар, жалақысы сақталмайтын демалыстағы адамдар, студенттер, оның ішінде уақытша тіркелген адамдар ретінде тіркелгендер қатарынан қажетті біліктілігі бар мамандарды іріктеуді жүзеге асырады және инфрақұрылымдық жобаны іске асырып жатқан жұмыс беруші мердігерге жібереді.

Жұмыссыз жастарға, NEET санатындағы жастарға, сондай-ақ денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмыстарда студенттерге ХЖҚО арқылы инфрақұрылымдық жобаларға жұмысқа орналасу кезінде басымдық беріледі.

ХЖҚО қажет болған жағдайда инфрақұрылымдық жобаға жұмысқа орналасу кепілдігімен тиісті жұмыстарды орындау үшін жұмыс беруші мердігердің/қосалқы мердігердің өтінімдері бойынша кадрларды қайта даярлауды қамтамасыз етеді.

Жалақы төлеу тәртібі және еңбек жағдайлары 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес айқындалады.

ХЖҚО бағыттары бойынша жұмысқа орналасқандардың жалақы мөлшері экологиялық үстемеақылар бойынша төлемдерді есепке алмағанда, салықтарды, әлеуметтік төлемдерді және пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақыны ескере отырып, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда айқындалған жалақының ең төменгі екі мөлшерінен кем болмайтын деңгейде белгіленеді.

Жұмыс беруші-мердігер/қосалқы мердігер жұмысқа орналастырылған, оның ішінде ХЖҚО арқылы жолдама бойынша орналастырылған адамдармен еңбек шарттарын жасасады және "Электрондық еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі" автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне орналастырады.

Инфрақұрылымдық жоба іске асырылатын ауданда (қалада) қажетті еңбек ресурстары болмаған жағдайда, инфрақұрылымдық жобаның іске асырылатын орнын ХЖҚО-ның жазбаша келісуі болған жағдайда басқа елді мекендерден (өңірлерден) тартуға жол беріледі.

Жұмыс беруші мердігер/қосалқы мердігер инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға қатысу үшін ХЖҚО жолдамасы бойынша басқа елді мекеннен (өңірден) келген адаммен еңбек шартын жасасқан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған алатын жалақысына қосымша тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда айқындалған екі ең төменгі жалақы мөлшерінде біржолғы материалдық көмек ("көтермеақы") төлейді.

5-тарау. "Инфрақұрылымдық жобалардың іске асырылуын мониторингтеу

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің 15.09.2021 № 154-ө өкімімен.

Ескерту. 5-тарауға өзгерістер енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 25.02.2021 № 40-ө; 15.09.2021 № 154-ө өкімдерімен.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдіктері ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10-шы (оныншы) күніне қарай "Жұмыс орындарын құру мониторингі" интеграцияланған картасы" ақпараттық жүйесі арқылы уәкілетті органға инфрақұрылымдық жобалардың іске асырылуы жөнінде есептер берді, онда:

- 1) инфрақұрылымдық жобаларды іске асыратын жұмыс беруші-мердігерлердің саны мен атауы;
- 2) жұмыстар мен объектілердің түрлері бойынша басталған (аяқталған) жобалардың саны, инфрақұрылымдық жобалар бөлінісінде орындалған жұмыстардың көлемі;
- 3) құрылған жұмыс орындарының саны және жұмысқа орналастырылған, оның ішінде ХЖҚО-ның жолдамасы арқылы орналастырылған адамдардың саны, сондай-ақ олардың орташа айлық жалақысының мөлшері туралы мәліметтер қамтылады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері тоқсан сайын ВАК-қа Жол картасының іске асырылу барысы туралы есеп береді.

Уәкілетті орган "Жұмыс орындарын құру мониторингі" интеграцияланған картасы" ақпараттық жүйесі арқылы жұмыс орындарын құру және адамдарды жұмысқа, оның ішінде ХЖҚО жолдамасы бойынша орналастыру фактісіне, жұмыс ұзақтығы мен орташа жалақы мөлшеріне мониторинг жүргізеді.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органдар мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалауды жүзеге асырады.

Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру мониторингіне "Адалдық алаңы" өңірлік жобалық офистері, қоғамдық бірлестіктер тартылуы мүмкін.

6-тарау. Инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру тәртібі мен шарттары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің 15.09.2021 № 154-ө өкімімен.

Ескерту. 6-тарауға өзгерістер енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 25.02.2021 № 40-ө; 15.09.2021 № 154-ө өкімдерімен.

Уәкілетті орган Жол картасының бірінші бағытын іске асыру жөніндегі республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі болып табылады.

Өңірлер бөлінісінде Жол картасы шеңберінде іс-шараларды қаржыландыру лимиттері бөлу алдындағы тоқсандағы жағдай бойынша статистика жөніндегі уәкілетті органның деректері бойынша жұмыс күшінің санына пропорционал бөлінетін болады.

Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін ЖАО жобалау-сметалық құжаттамасы, сметалық құжаттамасы, шығыстар сметасы (техникалық құжаттамасы) бар, іске асыруға дайын инфрақұрылымдық жобалардың болуына қарай жеткізілген қаржы лимиттері шеңберінде уәкілетті органға бюджеттік өтінімдер ұсынады.

ЖАО жеткізілген қаржыландыру лимитіне қарай Жол картасы шеңберінде іске асыру үшін инфрақұрылымдық жобаларды іріктеуді жүзеге асырады.

Өңірлер бөлінісінде қаржыландыру лимитін бөлу ВАК отырысында мақұлданады.

Инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер және/немесе республикалық және/немесе жергілікті бюджеттердің қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

"Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ) "Қазақстан тұрғын үй компаниясы" акционерлік қоғамына (бұдан әрі – "ҚТК" АҚ) өңірлерді дамыту мақсаттары үшін транштармен шығарылатын ЖАО облигацияларын сатып алу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен алынған облигациялық қарыз шеңберінде қаражат бөледі.

"ҚТК" АҚ бұл қаражатты ЖАО-ның облигациялық қарыздары түрінде мынадай шарттарда ұсынады:

қарыздың мақсаты – Жол картасы шеңберінде өңірлерді дамыту;

номиналды сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 6,1 (алты бүтін оннан бір) %;

қарыз мерзімі – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен алынған облигациялық қарыздардың мерзімдеріне қарай 12 (он екі) жылға дейін;

қарыз бойынша сыйақы төлеу – жылына 1 (бір) рет;

негізгі борышты төлеу – қарыз алушының бастамасы бойынша мерзімінен бұрын өтеу құқығымен қарыз мерзімінің соңында.

2021 жылы "Қазақстанның орнықтылық қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "ҚОҚ" АҚ) инфрақұрылымды дамыту мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен алынған облигациялық қарыз шеңберінде "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ға қоса алғанда 50 (елу) миллиард теңгеге дейінгі сомаға қаражат бөледі.

"ҚОҚ" АҚ "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның облигациялық қарыздарын мынадай шарттарда береді:

қарыздың мақсаты – инфрақұрылымды дамыту мақсатында "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ еншілес ұйымдарын қаржыландыру;

номиналды сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 7 (жеті) %;

қарыз мерзімі – "ҚОҚ" АҚ алынған облигациялық қарыздардың мерзімдеріне қарай қоса алғанда 10 (он) жылға дейін;

қарыз бойынша сыйақы төлеу – жылына 1 (бір) рет;

негізгі борышты төлеу – қарыз алушының (эмитенттің) бастамасы бойынша мерзімінен бұрын өтеу құқығымен айналыс мерзімінің соңында.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ "ҚТК" АҚ-ға инфрақұрылымды дамыту мақсаттары үшін транштармен шығарылатын ЖАО облигацияларын сатып алу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен алынған 50 (елу) миллиард теңгеден аспайтын мөлшердегі облигациялық қарыз шеңберінде қаражат бөледі.

"ҚТК" АҚ қорландыру шарттары:

номиналды сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 7,02 (жеті бүтін жүзден екі) %;

қарыз мерзімі – "ҚОҚ" АҚ алынған облигациялық қарыздардың мерзімдеріне қарай қоса алғанда 10 (он) жылға дейін;

қарыз бойынша сыйақы төлеу – жылына 1 (бір) рет;

негізгі борышты төлеу – қарыз алушының (эмитенттің) бастамасы бойынша мерзімінен бұрын өтеу құқығымен айналыс мерзімінің соңында.

"ҚТК" АҚ бұл қаражатты ЖАО облигациялық қарыздары түрінде мынадай шарттарда ұсынады:

қарыздың мақсаты – әлеуметтік-мәдени саланың, инженерлік-көліктік, өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымның инфрақұрылымдық жобаларын және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін іске асыру есебінен халықтың тұрмыс сапасын жақсарту;

номиналды сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 7,1 (жеті бүтін оннан бір) %;

қарыз мерзімі – "ҚОҚ" АҚ-дан алынған облигациялық қарыздардың мерзімдеріне қарай 10 (он) жылға дейін;

қарыз бойынша сыйақы төлеу – жылына 1 (бір) рет;

негізгі борышты төлеу – қарыз алушының бастамасы бойынша мерзімінен бұрын өтеу құқығымен қарыз мерзімінің соңында.

ЖАО-ның инфрақұрылымдық жобалар бойынша қаржыландыру көлемін бөлуді Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жүзеге асырады.

ЖАО апта сайынғы негізде жобалардың іске асырылу барысы, бөлінген қаражаттың игерілуі және мақсатты пайдаланылуы туралы есептерді "ҚТК" АҚ ақпараттық жүйесі арқылы жібереді.

"ҚТК" АҚ ай сайынғы негізде "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ға бөлінген қаражаттың игерілуі және мақсатты пайдаланылуы туралы есептер жібереді.

"Бәйтерек" АҚ ай сайынғы негізде жобалардың іске асырылу барысы, бөлінген қаражаттың игерілуі және мақсатты пайдаланылуы туралы есептерді "ҚҚБ" АҚ-ға жібереді.

ЖАО жергілікті бюджет қаражаты есебінен белгіленген мерзімге сәйкес сыйақыны төлеуді және негізгі қарызды қайтаруды қамтамасыз етеді.

Облигациялық қарыздар бойынша сыйақыны төлеу және негізгі қарызды қайтару төлемдері "Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін бағалы қағаздар шығару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 2 қазандағы № 1520 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Өңірлерге бөлінген қаржыландыру лимиттерін нақтылау, түзету және қайта бөлу жұмыс күшінің саны есепке алынбай жүзеге асырылады.

Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру кезінде бюджет қаражаты үнемделген жағдайда, ЖАО жұмыс тобында қаралғаннан кейін және ВАК-пен келісу бойынша көрсетілген қаражатты өзге жаңа жобаларға жібереді.

Алдағы қаржы жылдарына инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жөніндегі жұмыстар жалғасқан кезде қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

7-тарау. Екінші бағыт: шағын, орта бизнесті, оның ішінде отандық тауарлар, көрсетілетін қызметтер өндірісін дамыту және жұмыс орындарын құру үшін "Бастау Бизнес" жобасы түлектерінің бизнес-жоспарларын қаржыландырудың (микрокредиттеудің) қолжетімділігін арттыру

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің 15.09.2021 № 154-ө өкімімен.

Ескерту. 7-тарауға өзгерістер енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 25.02.2021 № 40-ө; 15.09.2021 № 154-ө өкімдерімен.

Жол картасының екінші бағытының операторы Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – оператор) болып табылады.

Осы бағыт шеңберінде "Бастау Бизнес" жобасына не басқа мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде кәсіпкерлік негіздеріне оқыту курстарына қатысушылардың (бұдан әрі – "Бастау Бизнес" жобасының түлектері) – ісін жаңа бастаған кәсіпкерлердің, шағын бизнестің, микрокәсіпкерліктің бизнес-жоспарларын, оның ішінде отбасылық және әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту үшін қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру жөніндегі міндеттерді шешу көзделеді.

Кәсіпкерлік субъектілерінің қаржыландыруға қол жеткізуін арттырудың негізгі мақсаты отандық тауарларды, қызмет көрсетуді дамыту есебінен жұмыс орындарын құру болып табылады.

Бөлінген қаражаттың мақсатты тағайындалуы – бизнес-жобаларды қорғаған "Бастау Бизнес" жобасы түлектерінің бизнес-жоспарларын микрокредиттеу.

8-тарау. Микрокредиттер беру тәртібі

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің 15.09.2021 № 154-ө өкімімен.

Ескерту. 8-тарауға өзгерістер енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 27.12.2021 № 199 -ө өкімімен.

"Бастау Бизнес" жобасы бойынша оқу бітіргені туралы сертификат алған және бизнес-жоспарды қорғаған Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі – "Еңбек" бағдарламасы) қатысушылары Жол картасы шеңберінде қолдау алуға үміткерлер болып табылады.

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық органдарында тіркелу микрокредит алудың міндетті шарты болып табылады.

Микрокредит беру жаңа жұмыс орындарын құру шартымен жүзеге асырылады.

Кәсіпкерлік субъектілері үшін қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру жөніндегі міндеттерді шешу үшін ЖАО "Аграрлық кредит корпорациясы" акционерлік қоғамын (бұдан әрі – "АКК" АҚ) кредит беру жөніндегі өңірлік ұйым ретінде айқындайды.

Микрокредит беру мақсатында ЖАО мынадай шарттарда бюджеттік кредит береді:

1) жылдық 0,01 % (нөл бүтін жүзден бір) сыйақы мөлшерлемесімен қайтарымдылық , мерзімділік және ақылылық қағидаттарында 10 (он) жылға;

2) бюджеттік кредиттің нысаналы мақсаты – "Бастау Бизнес" жобасы түлектерінің бизнес-жоспарларын микрокредиттеу;

3) негізгі борышты өтеу бойынша бюджеттік кредит мерзімі ұзақтығының үштен бірінен аспайтын мерзімге жеңілдікті кезең;

4) бюджеттік кредитті игеру кезеңі 12 (он екі) айды құрайды және ЖАО бюджеттік кредитті аударған күннен бастап есептеледі.

"АКК" АҚ-ның кредиттеу бойынша қатысуы, сондай-ақ бөлінетін сомалар туралы шешім облыс әкімдігінің қаулысымен қабылданады. Кәсіпкерлік немесе ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО кредит беру бойынша "АКК" АҚ-ға кредиттік келісімдер бойынша бюджеттік кредит қаражатын ұсынады.

"АКК" АҚ-ға бюджеттік кредиттер беру шарттары:

1) кредит беру мерзімі – он жылдан аспайды;

2) сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 0,01 % (нөл бүтін жүзден бір);

3) игеру кезеңі – 12 (он екі) ай;

4) нысаналы мақсаты – "Бастау Бизнес" жобасы түлектерінің бизнес-жоспарларына микрокредит беру үшін мемлекет қатысатын микроқаржы ұйымдарын (бұдан әрі – МҚҰ) қорландыру.

МҚҰ қорландырудың шарттары:

1) қорландыру мерзімділік, қайтарымдылық, ақылшылық және нысаналы пайдалану шарттарында жүзеге асырылады;

2) кредит беру мерзімі – 10 (он) жылға дейін;

3) сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 2 % (екі) дейін;

4) игеру кезеңі – "АКК" АҚ-нан кредит сомасы түскен күннен бастап 12 (он екі) ай;

5) нысаналы мақсаты – "Бастау Бизнес" жобасы түлектерінің бизнес -жоспарларын микрокредиттеу.

Кредит беру бойынша "АКК" АҚ /МҚҰ негізгі борышты өтеу бойынша кредит беру мерзімі ұзақтығының үштен бірінен аспайтын мерзімге жеңілдікті кезең ұсынылады.

Бюджеттік кредитті кредиттерге, қарыздарға немесе лизинг шарттарына қызмет көрсету бойынша ағымдағы төлемдер бойынша есеп айырысуды жүргізу мақсаттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 171-бабының 3-тармағында көзделген мақсаттарға жіберуге жол берілмейді.

Сондай-ақ, мұндай жер учаскелерінің/жылжымайтын тұрғын мүліктің нысаналы мақсаты кредит беру туралы шарт жасалған күннен бастап бір жыл ішінде бизнес мақсаттарға өзгертілетін жағдайларды қоспағанда, тұтынушылық мақсаттарға, акцизделетін өнім өндіруге, жылжымайтын тұрғын мүлік сатып алуға және салуға, жер учаскелерін сатып алуға (нысаналы мақсаты кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес) бюджеттік кредит берілмейді.

9-тарау. Соңғы қарыз алушыларға кредит беру тәртібі мен тетіктері

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің 15.09.2021 № 154-ө өкімімен.

Ескерту. 9-тарауға өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 15.09.2021 № 154-ө өкімімен.

"Бастау Бизнес" жобасының түлектеріне микрокредиттер беру шарттары:

1) микрокредит мерзімі – 5 (бес) жылға дейін, мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін микрокредит мерзімі – 7 (жеті) жылға дейін;

2) микрокредиттің ең жоғары сомасы:

ауылдық елді мекендерде (олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан) және шағын қалаларда – тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін 2,5 (екі бүтін оннан бес) мың айлық есептік көрсеткішке (бұдан әрі – АЕК) дейін;

қалаларда, моноқалаларда (Шымкент, Ақтау, Атырау қалаларынан басқа) – 6,5 (алты бүтін оннан бес) мың АЕК-ке дейін;

Шымкент, Ақтау, Атырау қалаларында – 8 (сегіз) мың АЕК-ке дейін;

3) сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 6 (алты) % аспайды;

4) МҚҰ "Еңбек" бағдарламасына қатысушының микрокредит бойынша міндеттемелерін бұзуы себебінен алынатын комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге де төлемдерді қоспағанда, "Бастау Бизнес" жобасы түлектерінің микрокредитіне байланысты қандай да бір комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге де төлемдерді алмайды, бұл ретте мұндай комиссиялардың, алымдардың және/немесе өзге де төлемдердің мөлшері "АКК" АҚ-мен алдын ала жазбаша келісілуге тиіс;

5) кредитордың шешімі бойынша микрокредит беру мерзімі ұзақтығының үштен бірінен аспайтын мерзімге негізгі борышты және сыйақыны өтеу бойынша жеңілдікті кезең алу мүмкіндігі;

6) қарыздардың мерзімдері мен сомалары агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган бекіткен Шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде кредит беру/микрокредит беру қағидаларына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 27 қарашадағы № 84 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17810 тіркелген) бекітілген Қалалар мен моноқалаларда кредит беру/микрокредит беру қағидаларына (бұдан әрі – Қалалар мен моноқалаларда кредит беру/микрокредит беру қағидалары) сәйкес "Еңбек" бағдарламасына қатысушы қызметінің бағытына сәйкес айқындалады.

МҚҰ ұсынылған құжаттар тізбесі негізінде бизнес жобаға бағалау жүргізеді, содан кейін микрокредит берудің мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы шешім қабылдайды.

МҚҰ түпкілікті қарыз алушыларға кредит беру туралы шешімді дербес қабылдайды

МҚҰ кредит беру туралы оң шешім қабылдағаннан кейін түпкілікті қарыз алушымен Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес микрокредит беру туралы шарт жасасады.

Микрокредит шарттары, қарыз алушының кредитті қамтамасыз ету тәсілдері, қарыз алушылардың санаты, қарыз мерзімдері мен сомалары кредитордың шешімімен белгіленеді және кредит шартында көрсетіледі.

Көрсетілген мерзімдер өткенге дейін кредит қаражаты игерілмеген жағдайда, "АКК" АҚ/МҚҰ ЕҰ олардың жергілікті бюджетке қайтарылуын қамтамасыз етеді, өз кезегінде ЖАО республикалық бюджетке қайтаруды жүзеге асырады.

10-тарау. Есептілікті ұсыну және кредиттік қаражатты пайдалану мониторингін жүргізу тәртібі

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің 15.09.2021 № 154-ө өкімімен.

Ескерту. 10-тарауға өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 25.02.2021 № 40-ө өкімімен.

Түпкілікті қарыз алушы МҚҰ-да кредитті алған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде кредиттердің нысаналы пайдаланылуын растайтын құжаттарды/мәліметтерді қоса бере отырып растайды. Жаңа жұмыс орнын құру кредит алған күннен бастап 12 (он екі) ай ішінде жасалған еңбек шартымен расталады. Еңбек шарты бұзылған кезде босаған жұмыс орнына басқа жұмыскер жұмысқа орналасады, бұл да тиісті шартпен (уақытша (маусымдық) жұмыс орындарын қоспағанда) расталады.

Егер түпкілікті қарыз алушы жоғарыда көрсетілген мерзімдер ішінде нысаналы пайдаланылуын және жұмыс орындарының құрылуын растамаған жағдайда, түпкілікті қарыз алушы мен МҚҰ арасындағы шартта көрсетілген мөлшерде айыппұл төленеді және алынған қаражат толық көлемде кредиторға қайтарылады.

МҚҰ ішкі құжаттарға және түпкілікті қарыз алушылармен жасалған шарттың талаптарына сәйкес кредиттің нысаналы пайдаланылуы толық расталғанға дейін қаржыландырылған инвестициялық жобалар қаражатының мақсатты пайдаланылуына, сондай-ақ түпкілікті қарыз алушылардың Жол картасының талаптарын орындауына мониторинг жүргізеді.

МҚҰ берілген кредиттер бойынша есепті айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне дейін, сондай-ақ есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 (он бесінші) күніне дейінгі мерзімде ЖАО-ға және "АКК" АҚ-ға кредиттерді нысаналы пайдалану жөнінде есеп береді.

ЖАО берілген кредиттер бойынша есепті айдан кейінгі айдың 15 (он бес) күніне дейін, сондай-ақ есепті кезеңнен кейінгі айдың 20 (жиырма) күніне дейінгі мерзімде Жол картасы екінші бағытының операторына және уәкілетті органға кредиттердің нысаналы пайдаланылуы жөніндегі есеп береді.

ЖАО жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 10 наурызына дейін

(2-жартыжылдыққа) және 10 қыркүйегіне дейін (1-жартыжылдыққа) кредит беру жөніндегі ұйымдардың қаражатты уақтылы игеруіне және Жол картасы талаптарының сақталуына (тиісті есептілік негізінде), сондай-ақ жұмыс орындарын құруға (ҚР Қаржымині Мемлекеттік кірістер комитетінің деректері негізінде) мониторингті жүзеге асырады.

11-тарау. Үшінші бағыт: агроөнеркәсіптік кешенді дамыту

Ескерту. Жол картасы 11-тараумен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің 15.09.2021 № 154-ө өкімімен.

Осы бағыт шеңберінде азық-түлік тауарларының импортын қысқарту (импортқа тәуелді секторлар бойынша қажеттілікті жабу) жолымен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешу көзделеді.

Агроөнеркәсіптік кешенді (бұдан әрі – АӨК) дамытудың негізгі мақсаты жұмыс орындарын құру үшін инвестициялық жобаларды қаржыландыру арқылы АӨК дамыту үшін жағдайлар жасау болып табылады.

АӨК-ті дамыту "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына АӨК бөлігінде әлеуетті қатысушылар үшін экономиканың басым секторларының тізбесінде көрсетілген ЭҚЖЖ кодтарына сәйкес бағыттар бойынша "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ еншілес ұйымдары арқылы АӨК инвестициялық жобаларын қаржыландыру жолымен жүзеге асырылатын болады.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ АӨК-ті дамыту саласындағы уәкілетті органға қаржыландырудың негізгі шарттарын (қаржыландыру сомасы, қаржыландыру мерзімі, сыйақы мөлшерлемесі) көрсете отырып, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ еншілес ұйымдарының уәкілетті органдары мақұлдаған жобалар тізбесімен хат жібереді. Одан әрі АӨК-ті дамыту саласындағы уәкілетті орган "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-дан хат келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жобалар тізбесін қарауға және кейіннен ВАК отырысында шешім қабылдауға бастама жасайды.

12-тарау. АӨК саласындағы инвестициялық жобаларды қаржыландыру тәртібі

Ескерту. Жол картасы 12-тараумен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің 15.09.2021 № 154-ө өкімімен.

"ҚОҚ" АҚ АӨК-ті дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен алынған облигациялық қарыз шеңберінде "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ға қоса алғанда 100 (бір жүз) миллиард теңгеге дейінгі сомаға қаражат бөледі.

"ҚОҚ" АҚ "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ облигациялық қарыздарын мынадай шарттарда береді:

қарыздың мақсаты – агроөнеркәсіптік кешен жобаларын кейіннен қаржыландыру үшін "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ еншілес ұйымдарын қаржыландыру;

номиналды сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 7 (жеті) %;

қарыз мерзімі – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен алынған облигациялық қарыздардың мерзімдеріне қарай қоса алғанда 10 (он) жылға дейін;

қарыз бойынша сыйақы төлеу – жылына 1 (бір) рет;

негізгі борышты төлеу – қарыз алушының (эмитенттің) бастамасы бойынша мерзімінен бұрын өтеу құқығымен айналыс мерзімінің соңында.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ еншілес ұйымдарына "Аграрлық кредиттік корпорациясы" акционерлік қоғамына (бұдан әрі – "АКК" АҚ), "Қазына Капитал менеджмент" акционерлік қоғамына (бұдан әрі – "ҚКМ" АҚ), "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамына (бұдан әрі – "ҚДБ" АҚ) "ҚОҚ" АҚ-дан алынған облигациялық қарыз шеңберінде АӨК инвестициялық жобаларын қаржыландыру үшін қаражат бөледі.

"АКК" АҚ, "ҚКМ" АҚ, "ҚДБ" АҚ қорландыру шарттары мынадай:

қарыз мақсаты – АӨК жобаларын қаржыландыру;
номиналдық сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 7,1 (жеті бүтін оннан бір) %;
қарыз мерзімі – "ҚОҚ" АҚ-дан алынған облигациялық қарыздардың мерзімдеріне байланысты қоса алғанда 10 (он) жылға дейін";
қарыз бойынша сыйақы төлеу – жылына 1 (бір) рет;
негізгі борышты төлеу – қарыз алушының (эмитенттің) бастамасы бойынша мерзімінен бұрын өтеу құқығымен айналыс мерзімінің соңында;
қаражатты игеру мерзімі – 2021 жылдың соңына дейін.

Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы кәсіпкерлік қызмет субъектілерін қаржыландыру қайтарымдылық, мерзімділік және ақылылық қағидаттарында жүзеге асырылады.

"АКК" АҚ, "ҚКМ" АҚ, "ҚДБ" АҚ ай сайынғы негізде "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ға бөлінген қаражаттың игерілуі және мақсатты пайдаланылуы туралы есептер жібереді.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ай сайынғы негізде "АКК" АҚ-ға, "ҚКМ" АҚ-ға, "ҚДБ" АҚ-ға бөлінген қаражатты игеру және мақсатты пайдалану туралы есептерді "ҚОҚ" АҚ-ға жібереді.";

13-тарау. Соңғы қарыз алушыларды/ өтініш берушілерді қаржыландыру тәртібі

Ескерту. Жол картасы 11-тараумен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің 15.09.2021 № 154-ө өкімімен.

АӨК саласындағы кәсіпкерлік қызмет субъектілері Жол картасы шеңберінде қаржылық қолдау алуға үміткерлер болып табылады.

Қаржыландыру жаңа жұмыс орындарын құру шартымен жүзеге асырылады.

АӨК саласындағы кәсіпкерлік қызмет субъектілеріне айналым қаражатын толықтыруға кредит беруге Жол картасының үшінші бағыты шеңберінде іске асырылатын инвестициялық жобаны қаржыландыру шартымен ғана жол беріледі.

Қаржыландыруды ұсыну тәртібі, қаржыландырудың негізгі шарттары, қарыз алушының/өтініш берушінің міндеттемелерін қамтамасыз ету тәсілдері, қарыз алушылардың/өтініш берушілердің санаттары, қаржыландыру мерзімдері мен сомалары "АКК" АҚ, "ҚКМ" АҚ, "ҚДБ" АҚ-ның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес белгіленеді.

АӨК-ті дамыту үшін "ҚДБ" АҚ мынадай шарттарда кредит береді:

1) қайтарымдылық, мерзімділік және ақылылық қағидаттарында жылдық 6 (алты) % түпкілікті мөлшерлемеге шыға отырып, жылдық 5 (бес) %-ға дейін субсидиялау мүмкіндігімен жылдық 11 (он бір) %-дан аспайтын сыйақы мөлшерлемесімен қоса алғанда 10 (он) жылға дейін;

2) облигациялық қарыз қаражатының нысаналы мақсаты:

жабдықты сатып алу, монтаждау, іске қосу-жөндеу жұмыстарын жүргізу, техника сатып алу, жұмыс істеп тұрған бизнесті жаңғырту және кеңейту, Қарыз алушының

жабдықты сатып алуға, монтаждауға және іске қосу-жөндеу жұмыстарын жүргізуге жұмсалған меншікті қаражатын "ҚДБ" АҚ-ның өтеуі;

құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу, оның ішінде реконструкциялау, Қарыз алушының құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге жұмсалған меншікті қаражатын "ҚДБ" АҚ-ның өтеуі.

Бұл ретте "ҚДБ" АҚ инвестициялық жобаны қаржыландыру мерзімінен кем болмайтын мерзімге беретін кредиттік желі сомасының 40 %-ы сомасынан аспайтын мөлшерде, жылдық 6 (алты) %-дық соңғы мөлшерлемеге шыға отырып, жылдық 5 (бес) %-ға дейін субсидиялау мүмкіндігімен жылдық 11 (он бір) %-дан аспайтын сыйақы мөлшерлемесімен айналым қаражатын толықтыруға кредит беруге жол беріледі;

3) жобаның инвестициялық фазасының мерзімінен кем болмайтын мерзіммен негізгі борышты және сыйақыны өтеу бойынша жеңілдікті кезең;

4) негізгі борышты ішінара немесе мерзімінен бұрын толық өтеуге жол беріледі.

АӨК дамыту үшін "АКК" АҚ мынадай шарттарда кредит береді:

1) инвестициялық мақсаттарға – жылдық 6 (алты) % түпкілікті мөлшерлемеге шыға отырып, жылдық 5,5 (бес бүтін оннан бес) %-ға дейін субсидиялау мүмкіндігімен жылдық 11,5 % (он бір бүтін оннан бес) сыйақы мөлшерлемесімен қоса алғанда 10 (он) жылға дейін;

айналым қаражатын толықтыруға – жылдық 6 (алты) % түпкілікті мөлшерлемеге шыға отырып, жылдық 5,5 (бес бүтін оннан бес) %-ға дейін субсидиялау мүмкіндігімен жылдық 11,5 % (он бір бүтін оннан бес) сыйақы мөлшерлемесімен 3 (үш) жылға дейін.

Бұл ретте жобаның инвестициялық бөлігінің сомасынан аспайтын мөлшерде айналым қаражатын толықтыруға кредит беруге жол беріледі.

2) облигациялық қарыз қаражатының нысаналы мақсаты:

жабдықты монтаждауды, іске қосу-жөндеу жұмыстарын жүргізуді қоса алғанда, негізгі құралдарды, техниканы, жабдықты, биоактивтерді, жабдықты сатып алу/ жаңғырту;

құрылыс-монтаждау жұмыстары және/немесе реконструкциялау;

айналым қаражатын толықтыру;

3) өтеу бойынша жеңілдікті кезең:

негізгі борышты және инвестициялық мақсаттарға сыйақыны – 2 (екі) жылға дейін;

айналым қаражатын толықтыруға негізгі борыш пен сыйақыны – 1 (бір) жылға дейін;

4) өтеу мерзімділігі – жеңілдікті кезең аяқталғаннан кейін жылына кемінде 1 (бір) рет.

5) негізгі борышты ішінара немесе мерзімінен бұрын толық өтеуге жол беріледі.

"ҚКМ" АҚ АӨК-ті дамыту үшін "ҚКМ" АҚ тікелей және (немесе) жанама қатысатын тікелей инвестициялар қорлары арқылы қаржыландыруды мынадай шарттарда (қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) ұсынады:

- 1) инвестициялардың географиясы: Қазақстан Республикасының аумағындағы АӨК-тің инвестициялық жобалары;
- 2) инвестициялар сомасы: 1 (бір) миллиард теңгеден бастап 8 (сегіз) миллиард теңгеге дейін;
- 3) қаржыландыру құралдары: үлестік қаржыландыру (кәсіпорындардың акционерлік/жарғылық капиталындағы акцияларды/қатысу үлестерін сатып алу) және мезониндік қаржыландыру;
- 4) инвестицияларды нысаналы пайдалану: күрделі шығындар; айналым капиталын толықтыру; компанияның қаржылық міндеттемелерін өтеу;
- 5) қаржыландыру мерзімі: қоса алғанда 7 (жеті) жылға дейін;
- 6) қаржыландыру валютасы: теңге
- 7) жоба бастамашысы үшін түпкілікті мөлшерлеме: капиталдандырусыз қоса алғанда жылдық 12 (он екі) %-ға дейін;
- 8) инвестициялардың негізгі бағыттары: жұмыс істеп тұрған қуаттарды ұлғайтуды және/немесе жаңғыртуды талап ететін жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарға инвестициялар; борыштық жүктемені төмендетуді және/немесе айналым капиталын ұлғайтуды талап ететін жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарға инвестициялар; жаңа инвестициялық жобаны іске асыру мақсатында құрылымында тұрақты қаржылық көрсеткіштері бар бір немесе бірнеше жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар бар холдингтік компанияларға инвестициялар; инвестициялық жобаларды іске асыруды жоспарлайтын жаңадан құрылатын кәсіпорындарға инвестициялар; инвестициялық жобаларды іске асыруды жоспарлайтын жаңадан құрылатын кәсіпорындарға инвестициялар;
- 9) өтініш берушінің/бастамашының жобаға қатысуы: ақшалай қаражат, акциялар/қатысу үлестері немесе басқа активтер түрінде көрсетілген жобаның жалпы құнының кемінде 20 (жиырма) %-ы, оның ішінде өтініш берушінің жобада бұрын шеккен шығындары;
- 10) үлестік қаржыландыру кезінде инвестицияланатын компанияның жарғылық/акционерлік капиталындағы қатысу үлесі: қоса алғанда 49 (қырық тоғыз) %-ға дейін;
- 11) үлестік қаржыландыру кезінде кепілмен қамтамасыз ету: талап етілмейді;
- 12) мезониндік қаржыландыру кезінде кепілмен қамтамасыз ету: Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылтайшылардың кепілдігі және/немесе инвестицияланатын компанияның жарғылық капиталындағы үлесті кепілге беру және/немесе қамтамасыз етудің өзге де түрлері;
- 13) негізгі борышты және сыйақыны өтеу (мезониндік қаржыландыру) бойынша жеңілдікті кезең – 2 (екі) жылға дейін;
- 14) негізгі борышты ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеуге (мезониндік қаржыландыруға) жол беріледі;
- 15) мезониндік қаржыландыруды өтеу шартта көзделген өтеу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Үлестік қаржыландыру шеңберінде инвестицияларды қайтару "

ҚКМ" АҚ жобаға қатысушыларға немесе опциондық келісімге сәйкес үшінші тұлғаларға жобаға қатысу үлесін/акцияларын іске асыруы жолымен жүзеге асырылады.

Осындай жер учаскелерінің/тұрғын жылжымайтын мүліктің нысаналы мақсаты кредит беру туралы шарт жасалған күннен бастап бір жыл ішінде бизнес-мақсаттарға өзгертілетін жағдайларды қоспағанда, тұтынушылық мақсаттарға, акцизделетін өнімдер өндіруге, тұрғын жылжымайтын мүлік сатып алуға және салуға, жер учаскелерін сатып алуға (нысаналы мақсаты кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес) қаражат жіберуге жол берілмейді.

14-тарау. АӨК субъектілеріне кредит беру кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау тәртібі

Ескерту. Жол картасы 14-тараумен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің 15.09.2021 № 154-ө өкімімен.

Мөлшерлемелерді субсидиялау тетігін іске асыру "ҚДБ" АҚ-да, "АКК" АҚ-да (бұдан әрі – қаржы институттары) АӨК-ті дамытуға бағытталған жобаларға қаржы институттары берген кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері бойынша АӨК субъектілері төлейтін төлемдер сомасын ішінара арзандатуға бағытталған.

Қаржы институттары берген кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау инвестициялық мақсаттарға және АӨК дамыту үшін айналым қаражатын толықтыруға жүзеге асырылады.

Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау субсидиялар қаражатын бөлу жөніндегі жұмыс органы, "ҚДБ" АҚ/"АКК" АҚ және АӨК субъектісі арасында жасалатын субсидиялау шарты негізінде жүзеге асырылады.

АӨК саласында өндіру және қайта өңдеу жөніндегі инвестициялық жобаларды субсидиялау (оның ішінде айналым қаражатын толықтыруға) номиналды сыйақы мөлшерлемесі жылдық 11,5 (он бір бүтін оннан бес) %-дан аспайтын, оның 6 (алты) %-ын АӨК субъектісі төлейтін, ал айырмасын мемлекет субсидиялайтын кредиттер бойынша жүзеге асырылады.

"ҚДБ" АҚ/"АКК" АҚ қаржыландыратын АӨК саласында өндіру және қайта өңдеу (оның ішінде айналым қаражатын толықтыруға) жөніндегі жобаларды субсидиялау шарттары, тәртібі және тетігі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 26 қазандағы № 436 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17741 тіркелген) бекітілген АӨК субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларында регламенттеледі.

"ҚДБ" АҚ, "АКК" АҚ бөлінген қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады.

15-тарау. Төртінші бағыт: өңірлерде бизнесті дамыту

Ескерту. Жол картасы 15-тараумен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің 15.09.2021 № 154-ө өкімімен.

Осы бағыт шеңберінде кәсіпкерлікті дамыту және ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерді, шағын бизнесті, микрокәсіпкерлікті, оның ішінде отбасылық және әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту үшін қолдау арқылы жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешу көзделеді.

Негізгі мақсаты өңірлік кәсіпкерліктің өсуін қамтамасыз ету, кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруға қолжетімділікті арттыру, сондай-ақ бар жұмыс орындарын сақтау және жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру болып табылады.

Осы бағыттың үйлестірушісі Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі болып табылады.

Бөлінген қаражаттың нысаналы мақсаты – "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау және дамыту мемлекеттік бағдарламасына әлеуетті қатысушылар үшін экономиканың басым секторларының тізбесінде" көрсетілген экономиканың басым секторларында қызметін жүзеге асыратын облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана, аудандар, облыстық маңызы бар қалалар, моноқалалар, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендер кәсіпкерлерінің бизнес-бастамаларын кредиттеу/микрокредиттеу және инвестициялау, кеңейту және қолдау.

Уәкілетті орган инвестициялық жобалардың жиынтық тізбесін қалыптастырады және ВАК-тың қарауына шығарады.

Қаржыландыруға жататын инвестициялық жобалардың тізбесі ВАК отырысында қаралады және бекітіледі.

Өңірлерде бизнесті дамыту жобасы шеңберінде берілетін кредиттер/микрокредиттер Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес ЖАО айқындайтын сенім білдірілген өкіл (агент) арқылы беріледі.

Сенім білдірілген өкіл (агенттермен) тапсырма шартының негізінде ЖАО атынан және оның есебінен және оның нұсқауларына сәйкес кредит беруге/микрокредит беруге байланысты белгілі бір тапсырмаларды орындайтын тұлға болып табылады.

Сенім білдірілген өкіл (агенттер) ЖАО тапсырмасы бойынша мынадай әрекеттерді орындайды:

- 1) кредиттерге қызмет көрсету;
- 2) қарыз алушылармен есеп айырысуды жүргізу;
- 3) қарыз алушының және (немесе) түпкілікті қарыз алушының қаржылық жағдайына мониторинг жүргізу;
- 4) берешекті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндіріп алу;
- 5) түпкілікті қарыз алушыларды анықтау және олармен кредиттік шарттар жасасу.

Банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке немесе Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын ұлттық холдингке не ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйым сенім білдірілген өкілдер (агенттер) болады.

Сенім білдірілген өкілге (агентке) тапсырманы орындағаны үшін сыйақы төлеуді, егер тапсырма шартында өзгеше көзделмесе, ЖАО жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырады.

16-тарау. Кредиттер/микрокредиттер беру тәртібі

Ескерту. Жол картасы 16-тараумен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің 15.09.2021 № 154-ө өкімімен.

"Жол картасы шеңберінде кредиттер/микрокредиттер алуға үміткерлер облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы, аудандағы, облыстық маңызы бар қалалардағы, моноқалалардағы, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендердегі шағын және орта кәсіпкерлер болып табылады.

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық органдарында тіркелу кредиттер/микрокредиттер алудың міндетті шарты болып табылады.

Кредит беру/микрокредит беру кредит/микрокредит алуға өтініш берген сәтте дара кәсіпкер немесе заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу мерзімі 3 (үш) жылдан кем болатын қатысушыларды және ауыл шаруашылығы кооперативтерін қоспағанда, жаңа тұрақты жұмыс орындары құрылған жағдайда жүзеге асырылады.

Кредиттер/микрокредиттер Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес ЖАО айқындайтын сенім білдірілген өкіл (агенттерді) арқылы беріледі.

Кредит/микрокредит алу үшін құжаттар/мәліметтер тізбесі "Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 27 қарашадағы № 477 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17812 болып тіркелген) бекітілген Ауылда және шағын қалаларда кредит беру/микрокредит беру қағидаларына және Қалалар мен моноқалаларда кредит беру/микрокредит беру қағидаларына сәйкес айқындалады.

Үміткерлер тікелей не ауылдық округтер мен елді мекендер әкімдері арқылы консультация алу үшін сенім білдірілген өкілге (агенттерге) жүгінеді.

Қарыз алушыларды сенім білдірілген өкіл (агенттермен) тапсырма шартына сәйкес айқындайды.

Сенім білдірілген өкілдерге (агенттерге) кредит/микрокредит бойынша міндеттемелерді бұзу себебі бойынша алынатын комиссияларды, алымдарды және/

немесе өзге де төлемдерді қоспағанда, кредитке/микрокредитке байланысты қандай да бір комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге де төлемдерді алуға тыйым салынады, бұл ретте мұндай комиссиялардың, алымдардың және/немесе өзге де төлемдердің мөлшері кредитормен алдын ала жазбаша келісілуге тиіс.

Сенім білдірілген өкілге (агенттерге) тапсырманы орындағаны үшін сыйақы төлеуді, егер тапсырма шартында өзгеше көзделмесе, ЖАО жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырады. Сенім білдірілген өкілдің (агенттің) тапсырмаларды орындағаны үшін сыйақыны төлеу мөлшері тапсырма шартында белгіленеді.

Сенім білдірілген өкіл (агенттер) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 25-ші (жиырма бесінші) күніне дейінгі мерзімде ЖАО (электрондық түрде портал арқылы/қолмен) берілген кредиттер/микрокредиттер және тапсырма шартында белгіленген нысанға сәйкес олардың нысаналы пайдаланылуы жөніндегі ақпаратты ұсынады.

Кредиттер/микрокредиттер аудандардың, шағын қалалардың мамандану карталарына сәйкес іске асырылатын жобаларға басым тәртіппен беріледі.

2021 жылы "ҚОҚ" АҚ өңірлерде бизнесті дамыту мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен алынған облигациялық қарыз шеңберінде "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ға қоса алғанда 50 (елу) миллиард теңгеге дейінгі сомаға қаражатты мынадай шарттарда бөледі:

қарыздың мақсаты – өңірлерде бизнесті дамыту мақсатында "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның еншілес ұйымын қаржыландыру;

номиналды сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 7 (жеті) %;

қарыз мерзімі – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен алынған облигациялық қарыздардың мерзімдеріне қарай қоса алғанда 10 (он) жылға дейін;

қарыз бойынша сыйақы төлеу – жылына 1 (бір) рет;

негізгі борышты төлеу – қарыз алушының (эмитенттің) бастамасы бойынша мерзімінен бұрын өтеу құқығымен айналыс мерзімінің соңында.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ өңірлерде бизнесті дамыту мақсаттары үшін транштармен шығарылатын ЖАО облигацияларын сатып алу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен алынған 50 (елу) миллиард теңгеден аспайтын мөлшердегі облигациялық қарыз шеңберінде "ҚТК" АҚ-ға қаражат бөледі.

"ҚТК" АҚ қорландыру шарттары:

номиналды сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 7,02 (жеті бүтін жүзден екі) %;

қарыз мерзімі – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен алынған облигациялық қарыздардың мерзімдеріне қарай қоса алғанда 10 (он) жылға дейін;

қарыз бойынша сыйақы төлеу – жылына 1 (бір) рет;

негізгі борышты төлеу – қарыз алушының (эмитенттің) бастамасы бойынша мерзімінен бұрын өтеу құқығымен айналыс мерзімінің соңында.

"ҚТК" АҚ осы қаражатты ЖАО облигациялық қарыздары түрінде мынадай шарттарда ұсынады:

қарыздың мақсаты – өңірлерде бизнесті дамыту;

номиналды сыйақы мөлшерлемес – жылдық 7,1 (жеті бүтін оннан бір) %;

қарыз мерзімі – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен алынған облигациялық қарыздардың мерзімдеріне қарай 10 (он) жылға дейін;

қарыз бойынша сыйақы төлеу – жылына 1 (бір) рет;

негізгі борышты төлеу – қарыз алушының бастамасы бойынша мерзімінен бұрын өтеу құқығымен қарыз мерзімінің соңында.

Қаражатты игеру мерзімі – 2021 жылдың соңына дейін.

Өңірлерде бизнесті дамыту шеңберінде кәсіпкерлік қызмет субъектілерін қаржыландыру қайтарымдылық, мерзімділік және ақылылық қағидаттарында жүзеге асырылады.

ЖАО апта сайынғы негізде жобалардың іске асырылу барысы, бөлінген қаражаттың игерілуі және мақсатты пайдаланылуы туралы есептерді "ҚТК" АҚ ақпараттық жүйесі арқылы жібереді.

"ҚТК" АҚ ай сайынғы негізде "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ға бөлінген қаражаттың игерілуі және мақсатты пайдаланылуы туралы есептер жібереді.

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ ай сайынғы негізде "ҚҚК" АҚ-ға бөлінген қаражатты игеру және мақсатты пайдалану туралы есептерді жібереді.

17-тарау. Соңғы қарыз алушыларға кредит/микрокредит беру тәртібі мен тетігі

Ескерту. Жол картасы 17-тараумен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің 15.09.2021 № 154-ө өкімімен.

Өңірлерде бизнесті дамыту шеңберінде кредиттер/микрокредиттер беру шарттары:

1) кредит/микрокредит мерзімі – 5 (бес) жылға дейін, мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін кредит/микрокредит мерзімі – 5 (бес) жылға дейін;

2) кредиттің/микрокредиттің ең жоғары сомасы қоса алғанда 300 (үш жүз) миллион теңгеден аспайды;

3) сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 9,5 (тоғыз бүтін оннан бес) %-дан аспайды, АӨК желісі бойынша субсидиялау.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2020 жылғы 27 наурыздағы
№ 55-ө өкімімен
бекітілген

Жұмыспен қамтудың 2020 -2021 жылдарға арналған жол картасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. Іс-шаралар жоспары жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің 09.02.2021 № 24-ө өкімімен; өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 25.02.2021 № 40-ө өкімімен.

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындауға (іске асыруға) жауаптылар	Орындау мерзімі	Болжамды шығыстар, мың теңге	Қаржыландыру көздері	Күтілетін нәти
1	2	3	4	5	6	7	8
Жол картасын іске асыру тетігі							
1	Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөнінде ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі – ВАК) құру, оның міндеттері мен функцияларын айқындау	Премьер-Министрдің өкімі	Еңбекмині	2020 жылғы наурыз	талап етілмейді	талап етілмейді	Жол картасын іске асырылу орталық деңге үйлестіру және мониторингтеу
2	Инфрақұрылымдық жобаларды іріктеу жөніндегі жұмыс тобын құру	Еңбекмині бұйрығы	Еңбекмині	2020 жылғы қараша	талап етілмейді	талап етілмейді	Жол картасын іске асырылу орталық деңге үйлестіру және мониторингтеу
3	Жергілікті атқарушы органдар жанынан Жол картасының іске асырылуын үйлестіру және мониторингтеу жөніндегі комиссияларды құру	Өңірлер әкімдерінің өкімдері	ЖАО	2020 жылғы сәуір	талап етілмейді	талап етілмейді	Жол картасын іске асырылу жергілікті деңгейде үйлестіру және мониторингтеу
4	Жол картасын іске асыру бойынша өңірлік үйлестірушігі анықтау	Еңбекминіне ақпарат	ЖАО	2020 жылғы қаңтар	талап етілмейді	талап етілмейді	Жол картасының асырылуын өң деңгейде үйлестіру және мониторингтеу
5	Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары бөлінісінде Жол картасының іс-шараларын іске асыруды қаржыландыру лимиттерін келісу	ВАК шешімі	Еңбекмині, ҰЭМ, Қаржымині	2020 жылғы наурыз 2021 жылғы қаңтар	талап етілмейді	талап етілмейді	өңірлер арасы қаржыландыру лимитін келісу
	Өңірлік деңгейде инфрақұрылымдық						

6	жобалардың өңірлік тізбесін қалыптастыру және бекіту	жобалар тізбесі	ЖАО	2020 жылғы желтоқсан	талап етілмейді	талап етілмейді	халықты жұмыспен қамту үшін жобалағ іріктеу
7	Инфрақұрылымдық жобалардың жиынтық тізбесін жұмыс тобында қарау	жобалар тізбесі	Еңбекмині, жұмыс тобының мүшелері, ЖАО	2020 жылғы желтоқсан, 2021 жыл бойы	талап етілмейді	талап етілмейді	халықты жұмыспен қамту үшін жобалағ іріктеу
8	Инфрақұрылымдық жобалардың жиынтық тізбесін ВАК-тың бекітуіне енгізу	бекітілген тізбе	Еңбекмині	жыл бойы	талап етілмейді	талап етілмейді	инфрақұрылым жобалардың бекітілген тізбе
9	Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібін айқындау	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині, ҰЭМ	2020 жылғы наурыз-сәуір	талап етілмейді	талап етілмейді	тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді кемінде 90 көлемінде отандық өндірушілерден сатып алу рәсімдерін жеңілдету және сатып алу талаптарын сақтау
10	Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын көрсетіп, өңірлер бөлінісінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің республикалық кешенді жоспарын қалыптастыру	ВАК-қа ақпарат	Еңбекмині, ЖАО	2020 жылғы сәуір	талап етілмейді	талап етілмейді	жұмысқа орналастыруға және жұмыс қамтуға жәрдемдесу шараларына мұқтаж азаматтардың санын анықтау
11	Жол картасы шеңберінде іске асыру үшін инфрақұрылымдық жобаларды іріктеу	жобалардың тізбесі	ЖАО	жыл бойы	талап етілмейді	талап етілмейді	халықты жұмыспен қамтамасыз ету үшін жобалағ іріктеу
12	Жол картасы шеңберінде іске асыру үшін жұмыстар түрлері және объектілер бойынша инфрақұрылымдық жобаларды мүдделі	орталық мемлекеттік органдардың қорытындысы	ҰЭМ, ИИДМ, ЭГТРМ, ЭМ, АШМ, БҒМ, МСМ,	ұсынылуына қарай	талап етілмейді	талап етілмейді	жұмыстар түр және объекті бойынша инфрақұрылым

	орталық мемлекеттік органдармен келісу		ДСМ, АДҚМ, Еңбекмині				жобалардың тізбесін айқын
13	Құрылатын жұмыс орындарының саны және жалақы деңгейі, сондай-ақ жұмыспен қамтамасыз етудің ұзақтығы бойынша инфрақұрылымдық жобаларды халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен келісу	халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның қорытындысы	Еңбекмині	2020 жылғы сәуір	талап етілмейді	талап етілмейді	халықты жұмыспен қамтамасыз етудің инфрақұрылымдық жобалардың тізбесін айқын
14	Инфрақұрылымдық жобалардың жиынтық тізбесін ВАК-тың бекітуіне енгізу	бекітілген тізбе	Еңбекмині	2020 жылғы сәуір	талап етілмейді	талап етілмейді	инфрақұрылымдық жобалардың бекітілген тізбесін
15	Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін еңбек ресурстарына қажеттілікті айқындау	жұмыс күшіне қажеттілікті талдау	Еңбекмині, ЖАО	2020 жылғы сәуір	талап етілмейді	талап етілмейді	жобаны іске асыру үшін қажет жұмыс күшінің саны туралы ақпарат
16	Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау	ЖАО қаулысы	ЖАО, Әділетмині	2020 жылғы сәуір-желтоқсан	талап етілмейді	талап етілмейді	саудаға рұқсат беру шарттары қаулы
17	Жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуге мұқтаж жұмыссыз азаматтардың және жұмыстан босатылатын адамдардың тізімін қалыптастыру	жұмысқа орналастыруға мұқтаж адамдардың тізімдері	Еңбекмині, ЖАО	2020 жылғы сәуір, жыл бойы	талап етілмейді	талап етілмейді	жұмысқа орналастыруға мұқтаж адамдардың санын айқындау
18	Отандық кәсіпкерлерді қолдау үшін тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге қажеттілікті айқындау	қажеттілік туралы ақпарат	ҰЭМ, ЖАО	2020 жылғы сәуір, жыл бойы	талап етілмейді	талап етілмейді	қажеттілікті айқындау

19	Бекітілген жалпы лимиттер шеңберінде Жол картасының бағыттары бойынша қаражатты түзету және қайта бөлу бойынша ұсыныстар әзірлеу	ВАК-қа ұсыныс	ЖАО	жыл бойы	талап етілмейді	талап етілмейді	бөлінген бюджет қаражатын тиімді пайдалану жолындағы толық игеру
20	Жол картасының іске асырылу барысын мониторингтеу және өңірлер әкімдерін тыңдау	ВАК хаттамасы	ВАК	жыл бойы	талап етілмейді	талап етілмейді	Жол картасын іске асырылу мониторингтеу
21	"Жұмыс орындарының құрылуын мониторингтеу" интеграцияланған картасы" ААЖ-ға мәліметтерді толтыру	Еңбекминіне ақпарат	ЖАО	ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне дейін	талап етілмейді	талап етілмейді	Жол картасын іске асырылу мониторингтеу
22	Жол картасын іске асыру жөнінде есептер беру	ВАК-қа ақпарат	Еңбекмині, ЖАО	ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 25-күніне дейін	талап етілмейді	талап етілмейді	Жол картасын іске асырылу мониторингтеу
23	Кредиттік шарт жасау	кредиттік шарт	ҰЭМ, Қаржымині, ЖАО	2021 жылғы наурыз-сәуір	талап етілмейді	талап етілмейді	бюджеттік қаражатын ЖАО-ға жеткізу
24	Кредиттеу жөніндегі өңірлік ұйым ретінде "АШҚҚҚ" АҚ/ "АКК" АҚ айқындау	өңір әкімінің қаулысы	ЖАО	2021 жылғы наурыз-мамыр	талап етілмейді	талап етілмейді	кредит беру ұйымдастыру
25	Өңірлік кредиттеу ұйымымен кредиттік келісім жасасу	кредиттік келісім	ЖАО, "АШҚҚҚ" АҚ, "АКК" АҚ	2021 жылғы сәуір-мамыр	талап етілмейді	талап етілмейді	кредит беру ұйымдастыру
26	Отандық тауарлар, көрсетілетін қызметтер өндірісін дамыту және жұмыс орындарын құру үшін кәсіпкерлік субъектілерін қолдау	екінші бағыттың операторына ақпарат	ЖАО, "АШҚҚҚ" АҚ, "АКК" АҚ	жыл бойы, ай сайын	талап етілмейді	талап етілмейді	түпкілікті қаулаушыларға кредит беру мониторинг
	Республикалық және жергілікті						

27	деңгейде Жол картасының іске асырылуын ақпараттық қолдау жөніндегі медиа-жоспар әзірлеу	медиа-жоспар	Еңбекмині, АҚДМ, ЖАО	медиа-жоспар графигіне сәйкес	талап етілмейді	талап етілмейді	ақпараттық ілгерілету және халық үшін қолжетімділік қамтамасыз ету
28	Жол картасының іске асырылу барысы туралы есептерді жариялау	электрондық және баспа БАҚ-тардағы мақалалар, сөз сөйлеулер, ақпарат	Еңбекмині, ЖАО	ай сайын	талап етілмейді	талап етілмейді	ақпараттық ілгерілету және халық үшін қолжетімділік қамтамасыз ету
29	ЖАО (49 %) және ҰКП (51 %) қатысуымен МҚҰ құру	МҚҰ-ны әділет органдарында тіркеу	ЖАО, ҰКП-мен бірлесіп Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау обл., ШҚО, БҚО, СҚО және Шымкент қ.	2021 жылғы ақпан	талап етілмейді	талап етілмейді	Кредиттер беу ұйымдастыру

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АҚДМ – Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі

АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

БҒМ – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

Еңбекмині – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар

ИИДМ – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

МСМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

ЭМ – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі

ЭГТРМ – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі

"АШҚҚҚ" АҚ – "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" акционерлік қоғамы

"АКК" АҚ – "Аграрлық кредиттік корпорациясы" акционерлік қоғамы

МҚҰ – микроқаржы ұйымы

ҰКП – "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасы"

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК